

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Заң институты
Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы
Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы**

**БЕКІТЕМІН
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі**

_____ **З.С. Тоқыбаев**

2016ж. «___» _____

ПӘННІҢ ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және
ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы
әрекет ету негіздері»**

5B030300 құқық қорғау қызметі мамандығы

Барлығы 2 кредит
Семестр 7
Дәрістер: 20 сағ.
Семинар: 24 сағ.
Тәжірибие: 16
Рейтингтік бақылау саны (МБ) 2
КӨЖ: 30 сағ.
Емтихан: 3 семестр
Барлық аудиторлық 60 сағат
Барлық аудиторлықтан тыс 30 сағат
Жалпы еңбек сыйымдылығы 90 сағат

Қарағанды 2016

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздері» пәні бойынша 5В030300 құқық қорғау қызметі мамандығына арналған оқу жұмыс бағдарламасы.

Құрастырғандар: мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі С.С. Түсіпбеков, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы полиция капитаны Г.Х. Жүсіпова.

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының отырысында талқыланып, 2016ж. 17 маусымдағы № 24 хаттамасымен мақұлданған.

Мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы
полиция майоры

Р.Қ. Джиембаев

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының отырысында талқыланып, 2016ж. 22 маусымдағы № 22 хаттамасымен мақұлданған.

Қылмыстық құқық және криминология
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

С.Қ. Алтайбаев

Академияның ОӘК отырысында қарастырылды
2016ж. «__» _____ № __ хаттама.

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
2016ж.

Түсіндірме жазба

Кіріспе

2.1.1. Пәннің аннотациясы. Демократиялық институттар мен құндылықтар сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ, одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін проблемалармен сыйыспайтыны даусыз. Тиісінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта құрулар сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы барлық деңгейлердегі күресте тиімді жұмыс істейтін жүйесіз мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні даусыз. Ұсынылып отырған пәннің негізгі өзектілігі де осында.

2.1.2. Пәнді оқытудың мақсаты. Оқыту объектісі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздері пәнінің пайда болуы, бекітілуі мен дамуы туралы курсанттардың бойында тұтас дүниетанымды, айқын да нақты қалыптастыру болып табылады.

2.1.3. Пәнді оқытудың міндеттері:

а) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздері ұғымының ерте дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі мемлекеттердің типтері, нысандары және құқық жүйелері туралы қордаланған білімді хронологиялық тәртіпте бере білу;

ә) Олардың пайда болуы мен қызмет етуінің шартының, нақты себептері мен уақыттық аясын және де биліктік қатынастардың ішкі құрылымы мен мемлекеттік органдардың механизмін, олардың эволюциялық дамуының заңдылықтарын қарастыру;

б) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздерінің даму нәтижесінің заңдылығы ретінде ашып көрсету, қазақ мемлекеттілігі ретіндегі жалпы және ерекше қасиеттеріне сипаттама беру;

в) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіндегі халықаралық тәжірибені саралап, айқындап, сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі заңнаманың қоғамның дамуына қарай іс жүзінде жетілдіріп отыратынына көз жеткізу;

г) Дүниежүзілік қауымдастықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын халықаралық-құқықтық актілеріне шолу жасап, олардың әр мемлекеттің даму ерекшеліктеріне қарай қолданылуын талдау.

2.1.4. Курсанттарды кәсіби тұрғыда дайындаудағы пәннің алатын орны.

Бұл пәннің маман даярлаудағы рөлі мен маңызы мынада: бұл пәнді оқып үйрену Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздерінің тарихы жөнінде тұтастай түсінік қалыптастыруға, Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың эволюциясының жалпы және ерекше заңдылықтарын ашуға, республикамыздың саяси-құқықтық өмірінің өткені, бүгіні мен болашағына қатысты мәселелерді еркін бағдарлай алуға баулу болып табылады.

2.1.5. Пәннің мазмұны деңгейіне қойылатын талаптар.

Бұл пәнде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі әлемдік тәжірибені зерттей, талдай отырып, осы құбылысқа тән себептік-кешендік факторларды, оған қарсы қолданылатын халықаралық-құқықтық құралдарды қарастырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің даму тарихына тоқталады.

Осы пәнді оқып білу «ІБ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау негіздері» теориялық сипатқа ие және ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру бағытымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету облысында әрекет ететін Қазақстан Республикасының негізгі заңдарымен курсанттарды таныстыруды сонымен қатар, біліктілік сипаттамаларға сәйкес кәсіби қызмет ету үшін қажетті дағдылар, шеберліктер және білім жүйесін курсанттарда қалыптастыруды болжайды. Осыған байланысты курсант келешекте ҚР Конституциясын, 2010-шы жылдан 2020 жылға дейін аралықта Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Тұжырымдамасын, 2012 жылғы 06 қаңтардан (соңғы өзгерістермен) «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, 2015 жылғы 18 қарашадан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» ҚР Заңын, қылмыскерлікпен күресу саласында Қазақстанның заңдылығын және басқа да нормативті актілерді, сонымен қатар қылмыскерліктің сандық-сапалық көрсеткіштері туралы криминалогиялық зерттеулер нәтижелерін, статистикалық мәліметтерді, тарихи-құқықтық және келешекті-болжамалы жоспарда талдаумен бірге оның бөлек түрлерін терең зерттеу керек. Сабатқа дайындалу кезінде курсанттар әрбір тақырыпқа бөлек көрсетілген міндетті, сонымен қатар қосымша әдебиеттерді қолдану қажет.

2.1.6. Пәндерді оқытудың әдістемесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық тәжірибені зерттеуге арналғандықтан, сыбайлас жемқорлық факторларын белгілеудегі негізге алынған сипаттамалы әдіс, талдау әдісі, осы құбылыстың себептерін анықтау, ерекшелігін нақтылау үшін салыстырмалы әдіс, салыстырмалы-тарихи, бақылау әдістері қолданылады.

Зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары сыбайлас жемқорлық, оған қарсы күрес мәселесінің ғылыми негіздерін өз деңгейінде толықтырады. Арнайы зерттеу нысанасы негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы әлемдік тәжірибені жинақтап, жүйелеуге талпыныс жасалды. Зерттеудің нәтижелерін

сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес мәселесі бойынша арнаулы курстар оқуда, семинарлар жүргізуде, заңтану курсында, қоғамдық практикада пайдалануға болады.

Бұл пәнмен өзара байланысты пәндер: Мемлекет және құқық теориясы, мемлекет және құқықтың жалпы тарихы, ҚР қылмыстық құқығы, ҚР қылмыстық іс жүргізу құқығы, ҚР әкімшілік құқығы, ҚР азаматтық құқығы.

**2.2. Пән бойынша оқу жұмыстарының көлемі, түрі
(Қазақстан Республикасының МЖМБС сәйкес):**

Оқу мерзімі	Курс	Семестр	Кредиттер	Дәрістер	Семинарлар	Тәжірибелік	КӨЖ	Межелік бақылау	Барлығы	Бақылау нысаны		
										Емтихан	Сынақ	Курстық жұмыс
2016-2017 оқу жылы	КОФ 4-курс	7-семестр	2	20	24	16	30	2	90	+		

2.3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздері» пәнінен кафедра аралық ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР
Кредит саны – 2 (90 сағат)

№	Тақырып нөмірі	Тақырыптың атауы	Жалпы еңбек көлемі Кредит саны	Аудиториялық сабақтар			КӨЖ
				Дәріс	Семинар	Тәжірибелік	
1.	1.	Сыбайлас жемқорлық - әлеуметке қарсы құбылыс ретінде	9	2	2	2	3
2.	2.	Шетелдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру практикасы, халықаралық стандарттары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет нормалары	9	2	4		3
3.	3.	Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің құқықтық негіздері	9	2	2	2	3
4.	4.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруды қалыптастырудағы азамттық қоғамның рөлі	9	2	2	2	3
5.	5.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері	9	2	2	2	3
6.	6.	Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы	9	2	4		3
7.	7.	Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының пайда болу себептері мен шарттары.	9	2	2	2	3
8.	8.	Ішкі істер органдарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл	9	2	2	2	3
9.	9.	Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы	9	2	2	2	3
10.	10.	2015-2025 жылдарға Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы	9	2	2	2	3
Барлығы			90	20	24	16	30

2.4. ПӘН МАЗМҰНЫ

Демократиялық институттар мен құндылықтар сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ, одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін проблемалармен сыйыспайтыны даусыз. Тиісінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта құрулар сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы барлық деңгейлердегі күресте тиімді жұмыс істейтін жүйесіз мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні даусыз. Ұсынылып отырған пәннің негізгі өзектілігі де осында. Бұл пәнде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі әлемдік тәжірибені зерттей, талдай отырып, осы құбылысқа тән себептік-кешендік факторларды, оған қарсы қолданылатын халықаралық-құқықтық құралдарды қарастырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің даму тарихына тоқталады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіндегі халықаралық тәжірибені саралап, айқындап, сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі заңнаманың қоғамның дамуына қарай іс жүзінде жетілдіріп отыратынына көз жеткізу.

Ол үшін мынадай міндеттерді орындау көзделеді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы мәселенің ғылыми-теориялық негіздерін айқындау;

- сыбайлас жемқорлықтың болмысын, түрлерін, негізгі белгілерін, ерекшеліктерін, субъектілерін анықтау, сондай-ақ пайда болу себептерін айқындау;

- сыбайлас жемқорлық қылмыстарды себептік-кешендік факторларына қарай топтастырып, оларға сипаттама беріп, жіктеу;

- әлем мемлекеттерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу мәселесіндегі тәжірибесін зерттеу;

- дүниежүзілік қауымдастықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын халықаралық-құқықтық актілеріне шолу жасап, олардың әр мемлекеттің даму ерекшеліктеріне қарай қолданылуын талдау.

Зерттеу материалдары. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесін Б.В. Воложенкин, Г.А. Сатаров, П.А. Кабанов, М.Л. Цирик, М.И. Лёвин, Н.А. Морозов, И.И. Сулима, Г.В. Игнатенко, Ю.А.Кузнецов, А.В.Хомутова және де басқа ғалымдар зерттеді. Жемқорлықтың қағидаларын, түрлері мен нысандарын, себептік-кешендік факторларын, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің тәжірибесін пайдалануды, қолдауды ұсынған мынадай қазақстандық ғалымдардың еңбектері осы мәселенінің зерттелуіне елеулі үлес қосты: Б.А. Амрекулов, Г.И. Баймұрзин, И.Ш. Борчашвили, С.Ф. Қапаров, Ш. Құттаяқов, Д.В. Құрбатов, Г.С. Мәуленов, М.О. Нәукенов, С.С. Сартаев, Е.З. Тұрғымбаев, М.К. Ынтықбаев және т.б.

Пәнді зерттеу әдісі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық тәжірибені зерттеуге арналғандықтан, сыбайлас жемқорлық факторларын белгілеудегі негізге алынған сипаттамалы әдіс, талдау әдісі, осы құбылыстың себептерін анықтау, ерекшелігін нақтылау үшін салыстырмалы әдіс, салыстырмалы-тарихи, бақылау әдістері қолданылады.

Пәннің теориялық және практикалық маңыздылығы. Зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары сыбайлас жемқорлық, оған қарсы күрес мәселесінің ғылыми негіздерін өз деңгейінде толықтырады. Арнайы зерттеу нысанасы негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы әлемдік тәжірибені жинақтап, жүйелеуге талпыныс жасалды. Зерттеудің нәтижелерін сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес мәселесі бойынша арнаулы курстар оқуда, семинарлар жүргізуде, заңтану курсына, қоғамдық практикада пайдалануға болады. Осы пәнді оқып білу «ПБ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау негіздері» теориялық сипатқа ие және ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру бағытымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету облысында әрекет ететін Қазақстан Республикасының негізгі заңдарымен курсанттарды таныстыруды сонымен қатар, біліктілік сипаттамаларға сәйкес кәсіби қызмет ету үшін қажетті дағдылар, шеберліктер және білім жүйесін курсанттарда қалыптастыруды болжайды. Осыған байланысты курсант келешекте ҚР Конституциясын, 2010-шы жылдан 2020 жылға дейін аралықта Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Тұжырымдамасын, 2012 жылғы 06 қаңтардан (соңғы өзгерістермен) «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, 2015 жылғы 18 қарашадан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» ҚР Заңын, қылмыскерлікпен күресу саласында Қазақстанның заңдылығын және басқа да нормативті актілерді, сонымен қатар қылмыскерліктің сандық-сапалық көрсеткіштері туралы криминалогиялық зерттеулер нәтижелерін, статистикалық мәліметтерді, тарихи-құқықтық және келешекті-болжамалы жоспарда талдаумен бірге оның бөлек түрлерін терең зерттеу керек. Сабакқа дайындалу кезінде курсанттар әрбір тақырыпқа бөлек көрсетілген міндетті, сонымен қатар қосымша әдебиеттерді қолдану қажет.

Әдебиетпен жұмыс істеу кезінде ең маңызды материалдарды, сонымен қатар негізгі ұғымдар мен анықтамаларды, сондай-ақ семинарлық сабақтар сұрақтарына жауабы бар ережелерді конспектілеу, жазып алуларды жасау ұсынылады. Межелік бақылау болған кезде курсанттар міндетті түрде оқытушыға дәріс, семинарлық, тәжірибелік сабақтар, алғашқы көздер конспектілерін көрсетеді, бақылау-оқыту бағдарламалардың сұрақтарына жауап береді. Курсанттарда сабаққа дайындалумен байланысты әртүрлі сұрақтар пайда болған жағдайда, көмекті кафедра оқытушыларынан сұрау қажет.

1-тақырып. Сыбайлас жемқорлық - әлеуметке қарсы құбылыс ретінде

Сыбайлас жемқорлықтың даму тарихы ежелгі кезеңнен бастау алады. Атақты француз философы Шарль Луи Монтескье: «Көптеген ғасырлар тәжірибесі көрсеткендей, қолында билігі бар адам, қылмыс жасауға бейім тұрады және де тиісті шекке жетпейінше, сол бағытта әрекет жасай береді», - деп айтқан¹. Сыбайлас жемқорлық құбылысын халықаралық заманауи тұрғысынан түсіну және оған қарсы күрес шараларын іске асыру жолдары қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс жүргізу жөніндегі БҰҰ-дың Сегізінші Конгресінің хатшылығы әзірлеген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша практикалық шаралар» атты нұсқаулықта көрініс тапты (Гавана, 1990 жылғы тамыз-қыркүйек).² Осы құжатты талқылау нәтижесінде әлемдік қауымдастыққа сыбайлас жемқорлықтың мынадай ерекшеліктері ұсынылды:

1. Осы ұғымның мағынасының сипатына қарай сыбайлас жемқорлыққа жататын барлық құқық бұзушылықтар енгізілуі тиіс, олар: этикалық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық-құқықтық бұзушылықтар, бұл сыбайлас жемқорлық жолына түскен субъектінің қызметтік бабын өз басының пайдасына асыра пайдаланып, заңды бұзғандығынан көрінеді.

2. Мемлекеттік қызметтегі тұлғаларды сыбайлас жемқорлық жолына итермелейтін субъектілердің қызмет шеңберін шектеу. Бұған шенеуніктердің артықшылықтарды заңсыз пайдаланғанын жатқызуға болады, осындай қызмет көрсететін субъектілердің шеңберін жеке және заңды тұлғалар толықтырылып отырады.

3. Өз қызмет жағдайын жемқорлық құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде заңға қайшы сипатта пайдалану.

4. Жемқорлықтың көрініс табуының ең қауіпті екі түрі:

- мемлекеттік немесе қоғамдық мүліктерді жемқорлық жолмен ұрлау;

- мемлекеттік қызметкерлердің әрекетінде ұрлық белгілері байқалмаса да, олардың қандай да бір артықшылықтарды заңсыз жолмен алу мақсатында өз қызметтік жағдайын теріс пайдалануы.³

Сыбайлас жемқорлық – қауіпті әлеуметтік құбылыс. Осы құбылыспен күрестің тарихы тереңде жатыр. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы алғашқы таптық қоғамдар мен мемлекеттік құрылымдар қалыптасқан уақыттар қойнауына жетелейді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес».⁴

¹ Состояние преступности в России. – М., 1994. – С. 14.

² Максимов С.В. Коррупция. Закон. Ответственность. Москва:2000. - С. 44.

³ Максимов С.В. Коррупция. Закон. Ответственность. Москва:2000. - С. 44.

⁴ Коррупция в Казахстане (сущность, проблемы, предупреждение). //Материалы международной научно-практической конференции. Астана: Акмолинская полиграфия, 1999. – С.3.

2-тақырып. Шетелдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру практикасы, халықаралық стандарттары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет нормалары

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық мәселесін әрбір мемлекетте, түрлі халықаралық ұйымда кездестіруге болады. Бірақ ол барлық жерде бірдей бола бермейді. Тарихи дәуір және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіне қарай сыбайлас жемқорлықтың пайда болу мәселелері де әр алуан болып келеді. Кейбір шет елдердің мемлекеттік басқаруында және мемлекеттік қызметінде жемқорлықтың алдын алуға және жоюға бағытталған әкімшілік қалыптың кешендері құрылған. Бірқатар мемлекеттерде шенеуніктердің ар кодексі немесе этикалық кодекстер жиынтығы болып табылатын арнайы заңдар қабылданған. Осыған орай, шетел мемлекеттеріндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу шараларына назар аудару.

Халықаралық тәжірибеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы айтқанда, барлық елдерді шартты түрде төрт санатқа бөлуге болады: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізіп отырған елдер; 2) сыбайлас жемқорлық орташа деңгейдегі елдер; 3) сыбайлас жемқорлықпен өте келелі мәселелері бар елдер; 4) сыбайлас жемқорлық айырықша байқалатын елдер. Әрі қарай осы жүйені негізге аламыз.

Әлемнің көптеген елдеріндегі жемқорлыққа қарсы күрес қағидаларының бірі - Заң алдында барлық азаматтардың теңдігі. Жемқорлық қылмыс жасаған азаматтар өздерінің әлеуметтік жағдайына қарамастан Заң алдында жауапкершілікті бірдей тартады. Қытайда ҚХР Мемлекеттік комитеті сыбайлас жемқорлық үшін жаза туралы Қағиданы 1952 жылы қабылдады. Осы Қағидаға сәйкес, сыбайлас жемқорлық - барлық мемлекеттік органдар, мекемелер, оқу орындары және соларға қарайтын бөлімдердің қызметкерлерінің қоғамдық мүддені жамылып жасаған мемлекет құндылықтарына ие болу, алдау жолымен ұрлау, иемдену, басқа адамдардың құндылықтарын сұғанақтыпен алу, пара алумен анықталады. 1997 жылы 1 қазанда ҚХР-ның жаңа редакциядағы Қылмыстық Кодексі күшіне енді. 1979 жылғы Кодекс толықтырылды - 192 бап болған еді, енді 451 болды.

Францияда лауазымдық тұлғалардың қызмет бабын теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілігін реттеу саласында 1983 жылғы 13 шілдедегі «Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары және міндеттері туралы» Заңның және 1992 жылы қабылданып, 1994 жылы қыркүйекте күшіне енген Қылмыстық кодексінің маңызы зор. «Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары және міндеттері туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік шенеунікке «өзін тек қызметке арнау» міндеті жүктелген, бұл Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің міндеттеріне ұқсас. Аталған заң мемлекеттік қызметкердің өзіндік абырой кодексі болып табылады.

3-тақырып. Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы «28» мамыр № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс кодексі (Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызмет этикасы ережелері).

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі адам мен азаматтың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі басым міндеттерден шыға отырып, іргелі жалпы адами және кәсіби адамгершілік құндылықтарды, азаматтық және қызметтік борыш талаптарын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс кодексі қабылданды.

Ішкі істер органдарындағы қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының халық пен мемлекеттің алдындағы қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын орындауымен байланысты мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Қызмет өткеру олардың тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және ішкі істер органдары қызметкерінің адамгершілігіне және моральдық келбетіне жоғары талаптар қояды.

Қоғам ішкі істер органдарының қызметкері барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін жүзеге асырып жатқан кәсіби қызметіне жұмсайды, қоғамға адал әрі қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді.

Кодекс кәсіби-этикалық нормалардың жиынтығы ретінде ішкі істер органдарының қызметкері үшін: адамгершілік құндылықтарды, ішкі істер органдарындағы қызметтің міндеттемелері мен принциптерін; қызметтік және қызметтен тыс мінез-құлыққа, қызметтік ұжымдағы өзара қарым-қатынасқа қойылатын кәсіби-этикалық талаптарды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез құлықтың кәсіби-этикалық стандартын айқындайды.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері:

- сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға немесе сыбайлас жемқорлықпен ұштасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдайлар жасайтын әрекеттерге жол бермеуге, мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы шынайы ақпарат алған кезде уәкілетті мемлекеттік органды, жоғары тұрған басшыны, мемлекеттік органның басшысын ақпараттандыруға тиіс. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат алғаннан кейін ішкі істер органының басшысы ол бойынша, оның ішінде қызметкердің әрекеттерінде заңнаманы бұзушылық болмаса, оны келешектегі қызметтік жұмысына, құқығы мен заңды мүдделеріне теріс ықпал ететін заңсыз қудалаудан қорғау бойынша тиісті шаралар қабылдайды.

4-тақырып. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы түруді қалыптастырудағы азаматтық қоғамның рөлі

Құқықтық мемлекет – өзінің негізгі институттары ретінде билік бөлінісін, сот тәуелсіздігін, басқару заңдылығын, мемлекеттік билік тарапынан азаматтардың құқы бұзылуына жол бермеуді және оған қоғамдық мекеме тарапынан тигізілген залалдың құнын өтеп алуды қарастыратын мемлекет. Құқықтық мемлекет идеясының сан ғасырлық тарихы бар. Ол сонау ежелгі дәуірден бастау алады. Құқықтық мемлекеттің философиялық негізін И. Кант жасады. Қазіргі ғаламдық әлемде құқықтық мемлекет тұжырымдамасы мемлекет, қоғам және азаматтың арақатынасын қалыптастырудың әмбебап идеалы болып отыр. Құқықтық мемлекет идеясының мәні - оның бірізді демократиялылығы, билік көзі ретіндегі халық егемендігін бекіту, мемлекеттің қоғамға бағынуы. Құқықтық мемлекет идеясындағы бастысы - мемлекеттің және оның органдарының зорлық-зомбылығынан, басынуынан азаматтарды қорғау кепілі болатын мемлекеттің құқықпен байланыстылығы. Құқықтық мемлекет ең алдымен, барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және азаматтар бағынуы тиіс өзіндегі құқықтық ережелермен өзін-өзі шектейтіндігімен ерекшеленеді, ал ондағы басты принцип - құқық үстемдігі.

Азаматтық қоғам – саяси өкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы. Азаматтық қоғам - ол жеке тұлғаның негізгі құқықтыры мен еркіндіктері заң жүзінде қамтамасыз етілетін және саяси қорғалатын, мемлекеттен тыс қатынастар саласы үйлесімді дамыған қоғам. Оны ішкі мемлекеттік қатынастардың дамуына ықпал жасайтын адамдар топтарының ұйымдасқан әрекеті ретінде де анықтауға болады. Қоғам мүдделеріне бағытталған азаматтық бастама азаматтық қоғамның маңызды белгісі болып табылады. Дамыған демократиялық мемлекеттер, сонымен қатар өркендеген азаматтық қоғамдар да болып табылады. Сонымен бірге азаматтық қоғамның дамуына бағытталған түрлі әлеуметтік топтардың немесе жеке азаматтардың бастамалары (азаматтық бастамалар аталынатын) мемлекет арқылы қабылданады және оны жетілдіре түсеі. Дамушы және «өтпелі экономика» мемлекеттеріне жататын елдерде жағдай біршама басқаша. Соңғылары азаматтық бастамалар мемлекет құрылысының тікелей міндеттері шектерінен шығып кетуіне байланысты азаматтық бастамаларға күдікпен қарайды.

Бүкіл адамзат үшін жарқын болашаққа үміт беретін бірден-бір жол, ол өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық жолы, мұнда барлық қоғамдық **күш**-жігерлер - мемлекеттер, жеке сектор, білім беретін және зерттеу мекемелері, барлық нысандағы азаматтық қоғам - нақты, қол жететін мақсаттарға ұмтылу үшін өз күштерін біріктіреді.

5-тақырып. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері

Сыбайлас жемқорлық мәселесін зерттей отырып, сыбайлас жемқорлық мүдделі топтардың экономикалық мүдделерінің көлеңкелі ықпал ету түрі ретінде осы мәселеге қатысты төмендегідей түйін жасауға болады.

Біріншіден, барлығы мойындағандай, сыбайлас жемқорлық – саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Өйткені лауазымдық тұлғаның игіліктерді бөлуге құқығы бар жерде, мүдделі тұлғалар тарапынан үнемі әлеуметтік ұқсастық жасау мүмкіндігі болып тұрады. Яғни, игілік деп біз тек қана материалдық ресурстарды меңзеп тұрмаған болармыз, сонымен қатар оған лауазым иесінің түрлі әрекеттерге тыйым салу немесе рұқсат ету тағы басқа құқығы да жатады.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық жоғары деңгейге көтерілуі бұл мәселеге шындап көңіл бөлуді талап етеді. Заманауи жемқорлықпен күресу шаралары тек қана репрессивтік сипатта болмауы қажет, заңнамалардың да жетілдіруіне баса назар аударған жөн.

Үшіншіден, осы қоғамдық зауалға қарсы қоғамның бірігуі жемқорлықпен күрестің жеңісіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Толығырақ қарастыратын болсақ, сыбайлас жемқорлықты терең зерттеуге толық қол жете қойған жоқ. Іс жүзінде, анық дүниенің өзіне өмір күнделікті өзгерістер енгізіп отыр. Болашақта көлеңкелі әрекеттер сыбайлас жемқорлықтың жаңа түрлерін туындатуы әбден мүмкін. Қоғам мен мемлекеттің алдындағы басты міндеті – осы қылмыстың деңгейін неғұрлым азайту болып табылады.

«Қазақстан–2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауларында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев егемендік, еркіндік пен демократияға негізделген мемлекет пен қоғам құрылысының маңызды тарихи кезеңінің табысты аяқталғанын атап өтіп, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі одан әрі дамуының стратегиялық бағытын айқындап берді.

«Қазақстан–2050» Стратегиясының мақсаттарына сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Елбасы айтып өткендей: «Мемлекет пен қоғам біртұтас майдан құрып жемқорлыққа қарсы шығуы тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады».

Партия көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұр Отанның» XV Съезіндегі «саяси көшбасшылықтың түбегейлі мәселесі – біздің сыбайлас жемқорлықпен ымыраға келмейтін стратегиямыз» деген тұжырымы қоғамның қазіргі үмітіне толық сай келіп отыр.

6-тақырып. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар әдетте тұрақты қылмыстық бірлестіктер қатысушыларымен жасалынады, олардың қызметтері қылмыстық бизнестен максималды табыс алуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлық аса жағымсыз әлеуметтік құбылыс болып табылады, ол қылмыстық әрекеттің масштабтылығы, халық шаруашылығының әртүрлі салаларында тұрақтылық және жүйелі секілді сипатты белгілерді иеленеді. Бүгін ол мемлекеттік билік жүргізу, мемлекеттік меншіктілік, бөлу каналдарына жақын болып тұрған субъектілердің корпоративті және топтық мүдделеріне негізделген.

Сыбайлас жемқорлық – бұл:

а) мемлекеттік немесе басқа қызметтегі тұлға заңды және жеке тұлғаларға, топтарға (соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық құрамалар) лауазым беделі мен онымен байланысты мүмкіндіктерге негізделген, өзінің қызметтік уәкілдігін немесе қызметтерін заңсыз «сату» кезіндегі екі жақты мәміле, ал «сатып алушы» өзіндік мақсатында: баю, артықшылықтарды заңды рәсімдеу, заңмен қарастырылған жауап тартудан қашу, әлеуметтік бақылау және т.б. үшін мемлекеттік немесе басқа құрлымды қолдану мүмкіндігін алады;

б) қызметкерлермен пара, қосымша сыйақыны бопсалушылық;

в) қызметкерлерге жиі қатты психологиялық ықпал етумен бірге бастамашы, белсенді параға сатып алу.

Соңғысы ұйымдасқан қылмыстылық үшін тән.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар алуан түрлі, қылмыстық-құқықтық, әкімшілдік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік сипатқа ие. Әртүрлі мемлекеттердің криминалистері осы мәселеге көз жазбай назар бөледі. Себебі, скандинавия зерттеушілері пікірі бойынша, сыбайлас жемқорлық – бұл «билік жүргізудің бұрмаланған түсінігі», «әртүрлі мемлекеттерде заң мазмұнына байланыссыз ұятты әрекеттер». Алайда фин криминалистері атап өткендей, әрбір уға өзінің у қайтарғышы табылады. Мемлекеттік қызметкерлер, жаңа пішіндерге жауап ретінде осы нормаларды мүмкіндігінше либералдық түсінуге «әмір ететін» нұсқаулықтарды шығарады. Басқа сөзбен айтқанда бір билік жүргізетін құрлымдар екінші билік жүргізетін құрлымдар мүдделеріне қарсы әрекет етеді.

Сыбайлас жемқорлық салдары инвестицияларды жасау үшін ынталандыруды төмендету жолымен экономикалық өсімді төмендетумен айқындалады (аймақтық, сонымен қатар шетел кәсіпкерлерден де); салық түсімдердің қысқаруы, мемлекеттік инфрақұрлымдық қызметтердің сапасының төмендеуі, дарынды адамдар өнімді қызмет орнына заңсыз табыс алуды іздеуге назарын аудару және мемлекеттік шығындар құрлымын бұрмалау (төменде талқыланады) жолымен экономикалық өсім қарқындылығын төмендетеді.

7-тақырып. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының пайда болу себептері мен шарттары

Көптеген криминалогиялық зерттеулер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін айрықша себептер мен шарттардың бар болуын көрсетеді, және заманауи аралықта экономикалық қылмыстардың өсімі байқалады. Осы құбылыстың басты себептерінің санында мыналарды атауға болады: экономикада нарықтық қарым-қатынастардың жетілмегендігі; заңнамалардағы кемшіліктер; азаматтардың көргенді ұстанымды қалыптастырудағы кемшіліктер. Кейде сыбайлас жемқорлық қандай да бір нақты шаруашылық, өнеркәсіп саласында монополияны орнатуға ұмтылады.

Мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлық, құқық қорғау органдарының әлсіздігі қылмыскерлердің әрекеті үшін қолайлы жағдайларды жасайды, ал бұл өз қатарында қылмыстың өсуіне және қоғамдың қолайлы мақсаттарына жетудің заңды жолдарының қысқаруына әкеледі.

Әйгілі американ криминалист Сатерленд ақ жағалы қылмыскерлер – бұл «жоғары қоғамдық орындарға ие, құрметке тұрарлық және зорлықты қолданбай, өзінің кәсіби міндеттерін атқару үдерісінде қылмысты жасайтын тұлғалар» деп атап өтті. Экономиканың жаһандану шамасы бойынша «ақ жағалар» қылмыстылықтың бейнесі де, сонымен қатар бақылаушы органдар алдында қойылатын мәселелер де елеулі өзгерді. Қылмыскерлер әрдайым өзгеретін жағдайларға бейімделеді, технологиялық, саяси және экономикалық өзгерістер үдерісінде пайда болған мүмкіндіктерді қолдануға ұмтылады және сол уақытта сыртқы бақылаудан қашады. Әлемдік экономикалық жүйесінің өсуі қылмыстарды жасау үшін жаңа мүмкіндіктерді ашады. Құрбанның сеніміне кіруге негізделген қарапайым алаяқтық немесе коммерциялық алаяқтық жаңа байланыс құралдары арқылы мемлекет шекараларын қиып өте алады. Аймақтарда және дамып келе жатқан мемлекеттерде полиция және тергеу органдары осындай істерді тергеу үшін қажетті қаражаттар, сарапшылар және тағы басқа қорларды иеленбейді. Бай мемлекеттердің өзі қылмыстардың іріктеме тергеулерін жүргізуге мәжбүр.

Сыбайлас жемқорлық институционалдық тиімсіздіктің басқа пішіндері бар болған кездегі жағдайларда жиі кездеседі, олар мыналар: саяси тұрақсыздылық, төрешілдік «рогаткалар», әлсіз заң шығару және сот жүйесі. Бұл сыбайлас жемқорлықпен басқа байланыстырған факторлар емес, дәл сыбайлас жемқорлық төмен экономикалық өсімнің себебі болып табыла алатын мүмкіндік туралы сұрағын қояды. Кемімелдік талдауы, егер институционалды тиімсіздіктің басқа пішіндері ретінд мысалы, саяси тұрақсыздықты алсақ, онда сыбайлас жемқорлық әлі де экономикалық өсімнің төмендеуіне ықпал ете алатынның кейбір дәлелдерін көрсетеді.

8-тақырып. Ішкі істер органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдары

Мемлекетті билік органдарының әртүрлі қызмет ету бағыттарында сыбайлас жемқорлық мәселесі қазіргі таңда жаһанды және жүйелі сипатқа ие болды. Сыбайлас жемқорлық бүгін ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіреді, біздің мемлекетімізде демократия және азаматтық қоғам институттарының дамуына төтеп береді, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, мүліктік қатынастар саласында азаматтармен өздерінің конституциялық құқықтарын жүзеге асыруға бөгет болып жатыр. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуында, сондай-ақ қаржы жүйесінің және жалпы рессе мемлекетінің барлық инфрақұрлымына жағымсыз түрде әсер етеді.

Ішкі істер органдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық ұйымдастырылған қылмыстылықтың дамуына ықпал етеді, экстремизм және лаңкестік ошақтарының дамуы үшін жағымды негізді құрайды, қазіргі уақытта біздің мемлекетімізде өткізіліп жатқан барлық дерлік мемлекеттік-құқықтық реформаларды қатты қиындатады. Осылардың барлығы және басқа мәселелердің бір қатары бүгін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра алатын және тұруға міндетті маңызды құқықтық механизмдерінің бірі ретінде ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің әкімшілдік-құқықтық механизмнің қалыптасуының қажеттілігін объективті етеді.

Соңғы он жылдықта ІІБ, соның ішінде полицияда қызметтік дәрежесін теріс пайдалану, пара алу, бопсалушылық және басқа қылмыстар кең ауқымды масштабтарды иеленді. Полиция тарапынан ұйымдастырылған қылмыстық топтарды қорғаушылық, қылмыстық ойларын жүзеге асыруда оларға көмек көрсету және жауапкершіліктен жалтару, коммерциялық құрлымдармен нақтылы заңсыз ынтымақтастық, қызмет мүдделерін азғындық ету беталысы қалыптасты. Соңғы жылдары ұйымдасқан қылмыстылық туралы атап өтулер минимумға дерлік төмендетілді. Алайда, сыбайлас жемқорлық ұйымдастырылған қылмыстылықпен тығыз байланыссыз мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлықпен тудырылатын криминогендік құбылыстар органикалық бір-бірімен байланысқан, өзара шартты және ұйымдастырылған қылмыстылықтан іс жүзінде бөлек емес. Сонымен қатар қылмыстармен шекаралық ететін әртүрлі құқық бұзушылықтар, полицияның барлық дерлік қызметтері үшін тән бола бастады. Мысалы, полицияның тыл бөлімшелері тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізуге және құрылыс жұмыстарын жүргізуге шаруашылық келісім шартты жасау кезінде коммерциялық құрлымдар мүдделерін жалтара бастады, бұл бюджеттік қаражаттардың негізсіз шығынына, сапасыз тауардың жеткізілуіне әкеледі. Қоғамдық қауіпсіздік полициясында заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетумен, олардың қызметі үшін бақылауларды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ рұқсаттамаларды, лицензияларды, тіркеу құжаттарын, паспорттау және т.б. беру кезінде алым-салықтармен байланысты қызметтерін теріс пайдалану тарала бастады.

9-тақырып. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстардың ерекшелігі қоғамдық қауіпті әрекеттерді заңдарды сақтау және қорғауға міндетті адамдардың жасауында болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары екі жақтылықтың, яғни екі тұстың болуымен сипатталады: біріншіден, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланушы мемлекет қызметкері, екіншіден, қызметтік мүдделеріне қарсы әрекетін өзінің пайдасы үшін қолданатын адамдар⁵.

Аталған қылмыстардың кең таралуы мемлекет аппаратының сыбайластығы заң шығарушыны мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстармен күресуде қатаң шаралар қолдануына мәжбүрлейді.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстармен күрес саласындағы заң шығарумен және өзге де құқық қолдану мәселелерін шешу «сыбайлас жемқорлық қылмыстары» мен «мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар» ұғымдарының мағынасы мен мазмұндарын түсінуді талап етеді, олардың анықтамасы заңда және заң әдебиеттерінде осы сұрақтарды қарастыруда бірыңғай көзқарастың болмауымен күрделене түскен.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстардың субъектілері

- Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамдар
- Оларға теңестірілген адамдар
- Лауазымды адамдар
- Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар.

Лауазымды адамдарға - тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша өкімет өкілі қызметін жүзиге асырушы не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не ұйымдастырушылық-билік етушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындаушы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңына сәйкес мемлекеттік қызметті атқарушылар жатады.

10-тақырып. 2015-2025 жылдарға Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы

Біздің мемлекетімізде заманауи сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама әрекет етеді, оның негізі болып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары табылады, бір қатар бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылуда, мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында функцияларды кешенді жүзеге асыратын арнайы уәкілетті орган құралған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында халықаралық әріптестік белсенді жүзеге асырылуда.

Басқару лауазымдарын әлеуметтік тегіне және мүліктік жағдайына байланыссыз, қабілетті және кәсіби дайындалған тұлғалар орын алатын кездегі меритократия қағидаларында мемлекеттің әр бір органының және лауазымдық тұлғаның функциялары мен уәкілдігін нақты шектеу мен анықтауды қоса отырып, мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптастырылған.

Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті ең дамыған 50 мемлекеттер санына кіруге мүмкіндік беретін азаматтардың өмір сүру деңгейін жоғарлату бойынша, ұлттық экономика өсімі, бизнесті жүргізу шарттарын, халықтың құқықтық сауаттылығын және әлеуметтік белсенділігін жақсарту, электрондық үкіметті енгізу бойынша қабылданатын шаралар заңға бағынушылық мәдениеттің және жалпымен қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіп үлгілерінің қалыптасуы үшін барлық алғы шарттарды жасайды.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілік мүмкіндігін жоғарлату сонымен қатар бизнестің даму жолында әкімшілдік тосқауылдарды жою бойынша бастапқы шараларды, Қазақстанда жұмыс істейтін отандық және шетел кәсіпкерлердің заңды мүдделері мен құқықтарын, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген танытулардан тиімді қорғауды ұйғарады.

Қазақстандық мемлекеттің алдындағы даму кезеңдерінде көпшілікпен танылған нәтижелерге қол жеткізілді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету ісінде айқын оңтайлы үрдістер байқалды, оларды дамыту және күшейту еліміздің заманауи даму кезеңінде осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның табысты іске асуының кепілі болады.

Қазақстан ТМД елдері арасында, сыбайлас жемқорлық құбылысымен күресу механизмі мен негізгі қағидаларын, міндеттерін, мақсаттарын анықтаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» Заңын бірінші қабылдаған мемлекеттердің бірі.

2001 жылдан бастап сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олардың шеңберінде сыбайлас жемқорлық танытулардың пайда болу себептері мен шарттарын жою бойынша нақты шаралар қабылданады.

2015 жылдан бастап әрекет ететін «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы және 2005 жылы Мемлекет басшысымен бекітілген Мемлекеттік қызметкерлердің ар-

намыс кодексі, меритократия, есеп беруге міндетті және ашықтық қағидаларында құрылған Қазақстанда кәсіпқой мемлекеттік аппараттың қалыптасуы үшін негізді құрады.

Мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында өзінде реттеуіш және құқық қорғау функцияларын біріктіретін арнайы мемлекеттік орган құралды. Ол тек қана мемлекеттік қызмет ету мен ұйымдастыру сұрақтарын және мемлекеттік аппараттың ашықтығын бақылауды реттеу ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы мен алдын алу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмысты жасаған тұлғаларды қылмысты қудалау функцияларымен өкілеттік етілген.

Жазаның бұлтартпастық қағидасы тиімді іске асырылуда. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінде айыпталған шенеуніктер, қызмет орнына және беделіне қарамастан, заңның барлық қатандығына сәйкес жауапкершілікті тартады. Қылмыстық-құқықтық саясат қызметтегі тұлғалармен сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін қатал жауапкершілікті қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қатал жауапкершіліктің қажеттілігі 2010 ж-дан 2020 жылға дейін аралықта Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты Тұжырымдамасымен қарастырылады.

2020 жылға дейін аралықта құқық қорғау жүйесін келешекті жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасы және құқық қорғау органдарында кадрлық саясат Тұжырымдамасымен, құқықтық тәртіп органдарына сенім деңгейін жоғарлатуға, мінсіз тәртіппен және біліктіліктің жоғары деңгейімен айрықшаланатын қызметкерлерді қалыптастыруға бағытталған шаралар қарастырылған.

Сот жүйесіне деген сенімді жоғарлатуға, азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау ісінде оның рөлін күшейтуге ерекше назар бөлінеді. Судья корпусын қалыптастыру механизмін жетілдіру бойынша, электрондық сот ісін жүргізуді дамыту, оның ашықтығын және қол жетімділік деңгейін жоғарлату бойынша шараларды қабылдау.

Ақпаратқа деген қолжетімділік кеңінен кеңейтілді, бұған электронды үкіметтің, сондай-ақ мемлекеттің және жеке құрлымдардың интернет-қорларының қалыптасуы бойынша шаралар мүмкіндігін туғызды.

Мемлекеттік органдардың веб-сайттары мен сенім телефондарын қоса отырып сыбайлас жемқорлық фактілері туралы азаматтарды кедергісіз ақпараттандыру үшін барлық шарттар жасалынды. Еліміздің инвестициялық тартымдылығын күшейту, оның бәсекеге қабілеттілік мүмкіндігін жоғарлату мақсатымен халықпен сапалы әрі тез мемлекеттік қызметтерді алуға, кәсіпкерлік қызметті қиындататын әкімшілік тосқауылдарды түбегейлі жояды. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңын және «Рұқсаттар мен хабарландырулар туралы» Заңын қабылдаумен көрсетілетін мемлекеттік қызмет спасын жоғарлату үшін шарттар жасалынды, рұқсаттар мен лицензияланатын қызмет түрлері сандары күрт қысқарды.

2.5. ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Нормативтік-құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз // Алматы: Жеті жарғы, - 100 бет.
2. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 2001. – 96 бет.
3. Мемлекет басшысының «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты 2008ж. 06 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2015ж.
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 2015 ж.
6. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 06 қаңтардағы № 527 «ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы.
7. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі №271-IV «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Заңы.
8. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2015 ж. 18 қарашадағы № 315 Заңы.
9. Қазақстан Республикасының «Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» 2008ж. 4 мамырдағы №31 – Заңы. //Егемен Қазақстан. – 2008ж. 06.05 №130-131.
10. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы» 2002 ж. 2 сәуірдегі - № 839 Жарлығы.
11. Қазақстан Республикасы Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттелікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» 2005 ж. 14 сәуірдегі - № 1550 Жарлығы.
12. Қазақстан Республикасы Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» 2005 ж. 23 желтоқсандағы №1686 Жарлығы.
13. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агентігін (қаржы полициясы) қайта ұйымдастыру туралы» 2005 ж. 25 ақпандағы - №1521 Жарлығы. //Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж. № 9,76.
14. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» 2005 ж. 3 мамырдағы - №1567 Жарлығы// Егемен Қазақстан. - 2005 ж. 05.05 № 94.
15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасында Ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстардың өзге де түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім

жасау туралы» 2002ж. 24 мамырдың - №566 Қаулысы //ПҰАЖ-ы, 2002ж. - №576, 172 – құжат.

16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Норма шығармашылығы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2002 ж. 30 мамырдағы №598 Қаулысы//Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007ж. - №16, 172 – құжат. Өзгертулер енгізілумен 2007 ж. 20 наурыздағы - №217 Қаулысымен.

17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агентігінің (қаржы полициясы) Ережесі туралы» 2004ж. 29 қаңтардағы - №100 Қаулысы. //Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004ж. - №4, 56 – құжат.

18. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қолданыстағы заңнаманы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде жетілдіру мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы» 2007 ж. 14 наурыздағы - №193 Қаулысы. //Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007ж. № 8, 92.

19. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2007 ж. 20 наурыздағы - №217 Қаулысы //Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007ж. - №9, 105 – құжат.

20. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы» 2001ж. 13 желтоқсандағы - №18 Нормативтік қаулысы //Егемен Қазақстан. – 2001ж. 4 қаңтардағы - №2-3.

21. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаған, тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалардың есебін жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2004 ж. 20 қаңтардағы - №4 бұйрығы //Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетені - 2004 ж. - №13-16, 915-құжат

22. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» Нью-Йорк, 2003ж. 31 қазандағы Конвенциясы.

23. Еуропа Кеңесінің «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» Страсбург 1999 ж. 27 қаңтардағы Конвенциясы.

24. Еуропа Кеңесінің «Сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы» 1999 ж. 9 қыркүйектегі Страсбург, 1999 ж. 4 қарашадағы Конвенциясы.

25. Хартия Европейской безопасности. Организация по безопасности в Европе, г.Стамбул, 19 ноября 1999г.

26. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Халықаралық коммерциялық мәмілелер жасаған кездегі сатып алушылық пен сыбайлас жемқорлықпен күрес» 1996 ж. 16 желтоқсандағы Декларация.

27. Жапония Республикасының «Ақпараттарды ашу жөніндегі» 2001 ж Заңы.

28. 2007 жылғы 17 қыркүйектегі қолданыстағы заңды дамыту сұрақтары бойынша Ведомствоаралық комиссиямен мақұлданған, нормативтік құқықтық актілердің (жобалардың) сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасын өткізу бойынша Әдістемелік ұсыныс.

Арнайы әдебиеттер

29. Ағыбаев А.Н. Ответственность должностных лиц за служебные преступления. Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 304 с.
30. Башимов М.С. Институт омбудсмена в странах СНГ и Балтии. Монографии. Т1 //Институт международного права и международного бизнеса «Данекер». Алматы: Данекер, 2003. – 228 с.
31. Жакупова Р.Б. Казахстан и Всемирная торговая организация. Алматы: Данекер, 2000. – 303 с.
32. Коррупция в Казахстане (сущность, проблемы, предупреждение). //Материалы международной научно-практической конференции. Астана: Акмолинская полиграфия, 1999. – 352 с.
33. Корчагин А.Г. Экономическая преступность. Владивосток: Изд-во Дальневост, 1998. - 216 с.
34. Кузнецов Ю.А., Силинский Ю.Р., Хомутова А.В. Российское и зарубежное законодательство о мерах противодействия коррупции //Учебн.пособ. Владивосток, 1999. - 189 с.
35. Құдайбергенов М.Б. Кодекс поведения должностных лиц по поддержанию провозпорядка: Учебник. Алматы: Данекер, 1999. – 320 с.
36. Құлжабаева Ж.О. Халықаралық жария құқық. – Алматы: «НАS» баспа компаниясы, 2003ж. – 384 бет.
37. Құттаяқов Ш. Қазаннан қақпақ кетсе...Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы ой – толғамдар. – Астана: Елорда, 2000. - 152 бет.
38. Сарсембаев М.А. Международное право. – Алматы: 1996г. 450 с.
39. Топорин Б.Н. Европейское прао: Учебник //Институт государства и права РАН. – М: Юристь, 2001 – 454 с.

Мерзімді басылымдар

40. Алауханов Е. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің проблемалары. //Заң. - №2. 2008. – Б. 25-29.
41. Алауханов Е. Казахстанское и зарубежное антикоррупционные законодательства. //Заң және Заман. - №1. 2008. – С. 32.
42. Аленчинов Ж. Исторические предпосылки формирования коррупционного правосознания в Казахстане. // Фемида. - №2. 2007. – С. 11.
43. Алданжаров А. Борьба с коррупцией в Англии. //Юридическая газета. - №7. 2005. – С. 13-14
44. Ахметов А. Коррупция в минусе когда борьба с ней. //Казахстанская правда. - №.127. 2007. – С. 1-2.

45. Вагапов Р. От качества законов зависит уровень коррупции. //Закон и правосудие. - №3. 2008. – С. 7.
46. Гилевская М.А. Анализ антикоррупционной программы Сеула. 20.02.2008. С. 1-5.
47. Жандарбеков Р. Жемқорлықпен күрес ешқашан бәсеңдемейді //Арқа Ажары. - № 8. 2008. – Б. 2.
48. Жұмабаев Н.Ә. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың халықаралық және қазақстандық тәжірибесі. Дөңгелек үстелдің ақапараты «Құқық қорғау органдары, прокурорлар, судьялар және өзге де тиісті лауазымды тұлғалар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелері жөніндегі мамандырылған семинар бағдарламасы. //www.apa.kz 28.01-01.02. 2008ж. Б.4.
49. Игнатенко Г.В. Международно-правовые проблемы противодействия транснациональной преступности и коррупции. //Организованная преступность и коррупция. - №1. 2000. – С. 103.
50. Интервью Калмурзаева С.С. на вопросы «Казахстанской правды» Борьтесь до чистой победы. //Казахстанская правда. - №92. 2008. – С. 1-3.
51. Исакбаев Н. Налогоплательщик вправе знать. //Казахстанская правда. - №84-85. 2008. – С. 9.
52. Кемали Е. Актуальные вопросы реализации антикоррупционной политики в Казахстане на современном этапе. //Закон и время. - №5. 2006. – С. 38. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің баспасөз қызметі. Жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстың алдын алу. //Арқа Ажары. - №7. 2008. – Б. 4.
53. Қапаров С.Ғ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асырудың шетелдік тәжірибесі. Дөңгелек үстелдің ақпаратты «Құқық қорғау органдары, прокурорлар, судьялар және өзге де тиісті лауазымды тұлғалар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелері жөніндегі мамандырылған семинар бағдарламасы. //www.apa.kz 28.01-01.02. 2008ж. Б. 1-2.
54. Мәмет С. Сыбайлас жемқорлықпен күрес нақандық шаруа емес. //Егемен Қазақстан. - №135-136. 2008. – Б. 2.
55. Назмышев Р. Потенциал и полномочия совета. //Казахстанская правда. - №94. 2008. – С. 2.
56. По материалом пресс-службы акима г.Астана. Столичная коррупция имеет тенденцию к росту. //Человек и закон. - №9. 2008. – С. 7.
57. Сарсембаев М.А. Международно-правовые инструменты в борьбе с коррупцией. //Человек и закон. - №4. 2008. – С. 5.
58. Сарсембаев М.А. Коррупцию можно и нужно победить. //Антикоррупционный вестник. - №1. 2008. – С. 1, 12.
59. Турсынбаев Д. Причины и условия, порождающие коррупцию в Республике Казахстан. //Фемида. - №2. 2008. – С. 13-15.
60. Шпитальский Р. Зримый бой. Экспресс-Казахстан. №782. 2008. С. 4.

**2.6. Аралас кафедралармен жұмыстық оқу
бағдарламаның келісім хаттамасы**

№	Пән	Тақырыбы	Жұмыс бағдарламасы бойынша сағат көлемі	Оқыту семестр	Кафедра	Кафедра бастығының қолы
1.	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және ПО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету негіздері»	1-10	90	7	Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы Қылмыстық іс жүргізу кафедрасы Әкімшілік құқық және ПО-ндағы әкімшілік қызмет кафедрасы	